

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**Табиғат құбылыстарындағы баланың тілін көркем сөз арқылы дамыту**ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.02.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/23586/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Мауленова Сабира Досмухановна****Табиғат құбылыстарындағы баланың тілін көркем сөз арқылы дамыту**

Еліміздің болашағы – бүгінгі бүлдіршін. Демек бала жүрегіне жол тауып, оны адами құндылықтармен толықтырып, өзіне сенімді, тілі көркем, рухани бай тұлғаны тәрбиелеу баршаға ортақ міндет. Бесік жырынан бастап, ұлттық сөздерді, жас кездерінен құлақтарына сіңіреді. Демек баланың жан дүниесіне әсер ететін эстетикалық тәрбиені қалыптастырады. Баланың тілін көркем сөзбен өрнектеуде серуеннің де алатын орны ерекше.

Серуен — Баланың тіл байлығы дамиды.

- Достыққа тәрбиелейді
- Байқағыштық қасиеті қалыптасады
- Табиғаттан мейірімділікті үйренеді

Серуен барысында өзін қоршаған әлемнің тылсым сырларын ұғынуға тырысады. Ой қиялын табиғатпен бірлестіріп, дамытады.

Табиғат дегенде:

- Шексіз аспан
- Шуақты күн

- Ақша бұлт
- Саялы бәйтерек
- Жайқалған гүл
- Сайраған құс
- Мөлдір бұлақ
- Ақ жауын
- Күркіреген найзағайды елестетеміз.

Серуен балысында бала тілін табиғи құбылыстарды: жаңбырдың бұлттан, бұлттың будан болатынын бақылату арқылы дамытуға тәрбиеші күнделікті серуен кезінде аспанға назар аударады. Бұлтты, бұлтсыз сөздерінің мағынасын түсіндіреді. Жаңбырдың жаууы кезінде балаларға оның бұлттан жауатындығын түсіндіреді. Оны жұмбақтап толықтыруға болады.

Мысалы: Ақ мақта әлдеқайда барады ауып,

Жақындап кетсе жерге алар жауып.

(Бұлт)

Жабырқаған көңілімізді жадырататын, бала тілімен олардың риясыз түсінігімен қарағанда үздік-үздік жіпке немесе ақ моншаққа ұқсайтын жаңбыр тамшылары да табиғи құбылыстардың бірі. Бала тілін дамытуда бұл құбылысты мақал-мәтел арқылы да өрнектеуге болады.

Мысалы: Жаңбыр жауса – жер ырысы,

Батыр туса – ел ырысы.

Жаңбырменен жер көгерер,

Батаменен ел көгерер.

Бізді қоршаған табиғат, ондағы жыл мезгілдері және әр жыл мезгілдерінің өздеріне тән ерекшеліктері жайында серуен барысында толықтырып айтуға болады.

**Күзде:** Балалардың өлі табиғаттағы, құстар мен аңдардың тіршілігіндегі күзгі өзгерістері туралы нақты түсініктерін кеңейту, Балаларға бұрыннан таныс кейбір құбылыстар мен ауа райының жағдайы және өсімдіктер мен жан-жануарлар тіршілігі арасындағы байланыстың реттілігін анықтап, «күз» ұғымдарының мәнісін айқындап, қорытындылауға бағыттау. Балалардың жансыз табиғаттағы, құстардың, хайуандардың өмірінде бірте-бірте болатын өзгерістер: жапырақтардың түсуі, құстардың жылы жаққа ұшып кетуі жайындағы ұғымдарын бекіту.

**Қыста:** Балалардың қысқы ауа райының сипатты белгілері ағаштардың,

ормандағы аң, құстардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту және қорытындылау мақсаты көзделеді. Еңбек дағдыларын қалыптастыру, жанды нәрселерге ұқыптылықпен қараусезімін тәрбиелеуді жалғастыра беру. Қар жауып тұрған кезде балаларға қоңыр қағаз қиындысын беріп, оған қар ұшқынын тосып алып, оны анықтап қарап, соңынан сурет салуды ұсыну, бала қиялын ұштау. Қыс туралы ұғымын толықтыра отырып, күнделікті байқау, кештің еске түсуі, ай мен жұлдыздардың шығуы, ауа райы құбылыстарына қардың жаууы, аяз, боранның болуына назар аудару. Қыс қызығын тамашалап, жүздері суықтан бал-бұл жайнаған балалардың ақ қар, жалтыраған көк мұзда шана, шаңғымен сырғанап ойнап жатқан суреттері бейнеленген суреттер арқылы «Қыс қызығы», «Ортақ шана» атты қимылды ойындарын ойнату.

**Көктемде:** Табиғаттың көктемдегі құбылыстары, олардың себептері туралы, көктемдегі адамдардың еңбегі жайында балалардың білімдерін толықтыру қажет болады. Көктем ұғымын қалыптастыру. Өлі табиғаттағы өзгерістерді, күннің ұзаруын, селдің жүруін, өсімдіктер дүниесіндегі ағаштар мен бұталардың бүр жаруын, алғашқы жапырақтардың шығуын, көктемгі гүлдердің гүлденуін байқау. Жәндіктердің іс-қимылдарын бақылату арқылы балалардың түйсіктерін толықтыру. Құстардың ұшып келуі, ұя салып, балапандарына жем беруін бақылай отырып, қарлығаштың ұясы туралы әңгімелеп беру, құстардың пайдасы, оларды қорғау, қамқорлыққа алу жөнінде әңгімелесу. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер туралы дидактикалық ойындар орнату арқылы да балалардың сөздік қорын молайтуға болады.

**Жазда:** Жаз мезгіліндегі күннің жарығы мен жылуын әсерінен өсімдіктердің өсіп жетілуі жөніндегі бала ұғымы кеңейіп, жинақталады, жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар мен шөптесін өсімдіктерді айыра білуге үйрету ескертіледі. Адамдардың гүлзардағы, егістіктердегі еңбегімен таныстырылады, табиғатқа құмарлық пен сүйіспеншілік және ұқыпты қарау сезімдеріне тәрбиелейді. Сондай-ақ табиғаттағы жаз құбылыстары: ерекшеліктері туралы бүлдіршірдердің ой - өрісін дамытып толықтыру, өсімдіктерді күту, жануарларға қамқорлық жөніндегі адам еңбегіне тоқталу. Жаз күнінің ұзақтығы, жаңбыр, найзағай, кемпірқосақ туралы түсініктерін нақтылау. Серуен кезінде жаздың әр кезеңінде гүлдейтін өсімдіктердің, жемістердің пісуін, құстардың көбеюін бақылау. Гүлдерді жинау, гүлшоқтар тобын жасау арқылы топ бөлмелерін безендіру. Табиғат бұрышында балалар бөлме ішіндегі өсімдіктерді суарып, гүлдердің түбін қопсытады. Табиғат құбылыстары туралы өз елінің табиғатын қорғап, қамқор бола білу қасиетін бойына сіңіреді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғат құбылыстарының жұмбақ сырлары әрқашан да қызықтырады. Олар тілі шыға бастаған кезден-ақ үлкендерден әр нәрсені сұрап, білмекке құштар болады. Мысалы: «Қар неге жауады?», «Жаңбыр қайдан пайда болады?», «Жеміс-жидектер қыста неге піспейді?», «Қарлығаш неге тек күн жылығанда келеді?», «Шыбын –шіркей қун суығанда қайда кетеді?» т.б. сан алуан сұрақтар қояды.

Бала естіген, қөрген, сезген нәрсесін танығысы, білгісі келетіні заңды құбылыс қой. Ендеше балалардың осындай сұрақтарына мән беріп, ойдағыдай түсіндіре аламыз ба? Бүлдіршін бөбектердің тіршілік, түйсігі осындай ұсақ – түйектен қалыптаса беретіні бекер ме?

Бала зейінін құстардың сайраған даусына судың сылдырлағанына, жапырақтардың сыбдырына назар аудара отырып, жыл мезгілдерінің ауысуына байланысты осы құбылыстардың өзгеруін түсіндіру ғана емес, айналасындағы ортада болып жатқан барлық өзгерістерді өздігінше бақылай білуге үйрету қажет. Мұны бала психологиясын жетік білетін, туған елінен табиғатын сүйетін, жаны нәзік тәрбиеші ғана істей алады.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.